



Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА



2025 жылдың нәтижелері

Кезеңнің негізгі үрдістері:


- 2025 жылы Қазақстанның Қытаймен сауда-экономикалық байланысы одан әрі тереңдей түсті. Бұл тауар айналымының өсуімен және ҚР-ға бағытталған сыртқы жеткізілімдердегі ҚХР рөлінің артуымен расталады.
- Жиынтық тауар айналымы \$34,1 млрд-қа жетіп (+13,2%), Қытайдың Қазақстанның сыртқы саудасындағы үлесі жалпы көлемнің ширек бөлігіне жуықтады (бір жыл бұрынғы 21,2%-бен салыстырғанда 23,7%-ға жетті).
- Екіжақты сауданың өсуі негізінен импорт есебінен қамтамасыз етілді. Оның көлемі \$18,9 млрд-қа (+23,6%) немесе елімізге келген барлық жеткізілімдердің 29,2%-ына (бұрын – 25,3%) жетті.
- Импорт құрылымы дайын өнім мен өндірістік мақсаттағы тауарлар жеткізілімінің өскенін көрсетеді. Бұл өсімге негізгі үлесті көлік құралдары (+\$3,4 млрд), металдар (+\$645 млн) және химия өнімдері (+\$412 млн) қосты. Бұл еліміздегі инвестициялық белсенділіктің, инфрақұрылымдық жобалар мен тұтынушылық сұраныстың кеңейгенін айғақтайды.
- ҚХР-ға бағытталған экспорт өнеркәсіптік мақсаттағы аралық тауарлар мен аграрлық өнімдер пайдасына қайта бөліну аясында шамалы өсім (+2,1%, \$15,2 млрд-қа дейін) көрсетті.
- ҚХР-ға бағытталған экспорт құрылымында жануарлар мен өсімдік тектес өнімдердің (+\$394 млн) және химия өнеркәсібінің (+\$345 млн) үлесі өсті, ал металдар (-\$605 млн) мен минералды өнімдердің (-\$112 млн) үлесі қысқарды.
- Өзгерістер ҚХР-дағы өнеркәсіптік сұраныстың бәсеңдеуін, шикізат тауарларына әлемдік бағаның төмендеуін және жеке өндірістің кеңеюін айғақтауы мүмкін.

- Импорттың озу қарқынымен өсуі нәтижесінде Қазақстанның Қытаймен сауда теңгерімі айтарлықтай нашарлады: тапшылық \$0,37 млн-нан \$3,7 млрд-қа дейін, яғни 10 есе ұлғайды.
- Өзгерістер есеп айырысудың валюталық құрылымын да айналып өтпеді (төменнен қараңыз). Валюталық есеп айырысуларды әртараптандыру, юань өтімділігінің артуы (KASE-де CNYKZT жұбы бойынша сауда-саттық көлемі 240%-ға өсті) және компаниялардың транзакциялық шығындарды азайтуға ұмтылысы аясында, ең алдымен, импорттық операцияларда қытай юанін пайдаланудың біртіндеп кеңеюі байқалады.
- Салалық бөліністе юаньды ең көп пайдалану өңдеу өнеркәсібінде, тау-кен өндірісі және саудада тіркеледі.
- Бұл ретте Қытайдан импортталатын тауарлар бағасының динамикасы негізінен төмендеу сипатына ие болды: тауар позицияларының көпшілігі бойынша құнның төмендеуі байқалды (төменнен қараңыз). Бұл ҚХР-дағы инфляцияның әлсіздігін және сыртқы нарықтардағы қытайлық өндірушілер арасында баға бәсекелестігінің күшейгенін көрсетеді.
- Бұл Қазақстандағы ішкі инфляцияға тежеуші әсер етіп, тарифтер, ішкі сұраныс және бюджет шығыстары тарапынан болатын инфляциялық факторлардың орнын ішінара толтырады.
- Осылайша, жалпы алғанда Қытай Қазақстанның ірі сауда серіктесі ғана емес, сонымен қатар еліміздің экономикасындағы ішкі сұраныстың, инвестициялық белсенділіктің және баға процестерінің қалыптасуына әсер ететін маңызды сыртқы фактор болып саналады.
- Жақын арадағы перспективада Қытайдан келетін импорт екіжақты сауданың негізгі драйвері болып қалуы ықтимал, ал экспорттық түсімдер шикізат тауарларының бағасына және ҚХР-дағы өнеркәсіптік сұранысқа байланысты болады.

Қазақстан мен Қытайдың тауар айналымы



Қытаймен тауар айналымының құрылымы




* Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Қытайдағы тауар бағаларының өсуінің Қазақстандағы инфляцияға ықпалы

Қытайдан әкелінетін тауарлар бағасының өзгерісі, (мың теңге) *




Қазақстан мен Қытайдағы инфляция динамикасы *



Сауда-саттықтағы шетел валютасын пайдалану құрылымы


Есеп айырысудағы юанның қолданысы

кәсіпорындардың үлесі, %



Экономика салалары бөлінісіндегі юанның қолданысы

кәсіпорындардың үлесі, %



* Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ

** ҚР ҰБ-ның нақты сектор кәсіпорындарына жүргізіген сауалнамасы бойынша және салалар бөлінісінде

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қытаймен екіжақты сауда \$34,1 млрд-қа жетті, бұл Қазақстан ЖІӨ-нің шамамен 11,2%-ына тең және Қытайдың елдің сыртқы экономикалық қызметіндегі маңызды рөлін айқындайды. Бұл ретте сауда динамикасы дайын өнімдер мен өңдеу деңгейі жоғары тауарлардың импорттық жеткізілімдерімен көбірек анықталып, ішкі нарықтың сыртқы жеткізілімдерге тәуелділігін күшейте түсуде.

Қазақстан экспортының шикізат тауарларына бағдарлануының сақталуы экспорттық түсімдерді баға конъюнктурасы мен өнеркәсіптік циклге неғұрлым сезімтал етеді, ал импорт үй шаруашылықтары, бизнес және мемлекет тарапынан болатын тұрақты ішкі сұраныс есебінен қалыптасады. Нәтижесінде сауда-саттық өзара іс-қимылы экономикалар құрылымындағы және бәсекеге қабілеттілік деңгейіндегі айырмашылықтарды көрсете отырып, айқын теңгерімсіздікке (-\$3,4 млрд) ие болады.

Сонымен қатар, мұнайдың жоғары бағасы (барреліне \$100-ден жоғары) ҚР экспорттық кірістерін айтарлықтай арттыруға қауқарлы, өйткені шикізат тауарлары еліміздің экспорттық түсімдерінің шамамен үштен екісін құрайды. Бұл Қытаймен өзара саудадағы тапшылықты уақытша азайтуы мүмкін, алайда мұндай жақсару негізінен құндық сипатқа ие болады және сауда құрылымының өзгеруіне әкелуі екіталай.

Жеткізілімдер номенклатурасы бұрынғысынша шикізат тауарларына бағдарланған күйінде қалып отыр, ал импорт дайын өнімдер мен технологиялық компоненттерден тұрады. Нәтижесінде, тіпті қолайлы сыртқы конъюнктура кезінде де импортқа тәуелділік сақталуы мүмкін. Бұл баға факторының экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне әсерін шектейді және қосылған құны жоғары өнім экспортын дамыту қажеттілігін айқындайды.